

## Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 17 қазандағы N 294-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 25 сәуірдегі N 107-ө Өкімі

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 17 қазандағы N 294-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесінде:

"Орындалу мерзімі" деген 4-бағанда:

реттік нөмірі 1, 2, 8-жолдардағы "2006 жылғы наурыз" деген сөздер "2006 жылғы қыркүйек" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдағы "2006 жылғы наурыз" деген сөздер "2006 жылғы қараша" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 5-жолдағы "2006 жылғы наурыз" деген сөздер "2006 жылғы мамыр" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 10-жол алынып тасталсын.

*Премьер-Министр*